

**ӘЛЕУМЕТТІК
ЛИНГВИСТИКА
ТЕРМИНДЕРІНІҢ
СӨЗДІГІ**

**Словарь
оциолингвистических
терминов**

Э.Д. СҮЛЕЙМЕНОВА, Н.Ж. ШӘЙМЕРДЕНОВА,
Ж.С. СМАҒҰЛОВА, Д.Х. АҚАНОВА

**ӘЛЕУМЕТТІК
ЛИНГВИСТИКА
ТЕРМИНДЕРІНІҢ
СӨЗДІГІ**

**СЛОВАРЬ
СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ТЕРМИНОВ**

Жауапты редакторлары:
проф. Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева

Алматы, 2020

АЛҒЫСӨЗ

Әлеуметтік лингвистика саласының терминдер жүйесі – сандық-сапалық тұрғыдан шапшаң өзгеріп отыратын тармақтардың бірі. Бұның біралуан себептері бар: ең алдымен әлеуметтік лингвистика ғылымының пәнаралық сипаты, осы сала терминдерінің шоғырлану табиғаты, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың экстралингвистикалық факторларға тәуелді екендігі нақты бір ұғым-түсінік аталымдарының қатары жаңа, соны терминдермен ұдайы толығып (қайсыбір терминдердің өзекті сипаты бәсеңдейтіні де байқалады) отыратындығына себепкер болады. Бұл жайт әлеуметтік лингвистика терминдерін түзу ісінде елгезектік танытуды, лексикографиялық еңбектерді мүмкіндігінше жиі-жиі жаңғыртып, толықтырып отыруды қажет етеді. Оның үстіне әлеуметтік лингвистика ғылымының қарқынды ілгерілеуіне байланысты концептуалды-ұғымдық аппаратқа саналы әрі байыпты қарау талабын да алға шығарады, өйткені осы тармақтың ұғым-түсініктері басқа да ғылым салаларының таралымдары сияқты кеңестік дәуірден сақталып қалған «елестер» мен «мифтерден» арылу, қалыптасу, жетілу сатысына көтерілді.

Ұсынылып отырған сөздік анықтамалық құрал іспетті; онда әлеуметтік лингвистиканың басты терминдері турасында барынша маңызды мағлұматтар қамтылған. Сөздікті түзудегі мақсат – әлеуметтік лингвистика бойынша зерттеулердің қазіргі жай-күйін бейнелеу; әлеуметтік лингвистиканың негізгі бағыттарына шолу жасай отырып, осы саланың әдістерін сипаттау; терминдік құрамды мүмкіндігінше анықтап, белгілеу; әрбір терминге лұғаттық түсініктеме беру және әрбір түсініктемені баяндаудың баршаға ұғынықты болатындай тиімді нысанын орнықтыру.

Сөздік материалдарын жинау, ресімдеу, жүйелеу және түзу жұмыстарын жүргізудің қорытындысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- әлеуметтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан кезеңінен бастап пайда болған терминдердің негізгі жүйесі жасалды; олар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі зерттеулерден, лексикографиялық еңбектерден жинақталды;
- әлеуметтік лингвистика терминдері сыни талдаудан өткізіліп, ресімделді;
- бұрын анықтамасы көрсетілмеген терминдер Сөздікке дербес лемма ретінде енгізіліп, олардың дефинициясы жасалды;
- қазақ тіліндегі терминдердің орыс және ағылшын тілдеріндегі баламалары көрсетілді;
- өзге тілдерден енген және интернационалдық терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ұсынылды;
- бірқатар терминдерге этимологиялық анықтама берілді; сондай-ақ тағы да бір топ аталымдардың пайда болуының және қалыптасуының қайнаркөздері айқындалды;
- өзара сілтемелер арқылы сөздік лұғатының ішінде және оның соңында терминдер арасындағы жүйелі байланыс нақтыланды.

Сөздік әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасына қарасты «Социолінгвистика және аударма теориясы мен практикасы»

мблясының Ғылыми-сараптамалық кеңесі ұсынған
-дің РБК және филология факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

ның докторы, профессор К.Ш. Хусаин;
ның докторы, профессор Б.Х. Хасанов;
ның докторы, профессор О.Б. Алтынбекова

стика терминдерінің сөздігі. Словарь социолінгвистических тер-
өңделген / Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова,
ты, 2020. – 400 б.

8-0

лингвистиканың негізгі концептуалды-ұғымдық аппараттарына, әлеуметтік
иялық мәселелеріне, әдіснамасы мен әдістемесіне қатысты түсініктерді
термин енгізілген. Сөздік лұғатында әлеуметтік лингвистиканың терминдік
ынастарды нақтылауға мүмкіндік беретін өзара сілтемелер бар.
магистранттар, оқытушылар мен мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ
аның теориясы мен практикасын зерделеумен шұғылданушыларға арналады.

о 650 терминов, отражающих основной концептуально-понятийный аппарат
связанных с теоретическими проблемами, направлениями, методологией
гвистических исследований. В словарных статьях имеются взаимные отсылки,
читать отношения в терминосистеме социолінгвистики.
для студентов, магистрантов, преподавателей, государственных служащих,
интересует теорией и практикой социолінгвистических исследований.

ӘОЖ 80/81
ҚБЖ 81.2. Қаз – 4

© Сүлейменова Э.Д.
Шәймерденова Н.Ж.
Смағұлова Ж.С.
Ақанова Д.Х., 2020